

Түсінік хат

Халық байлығының сарқылмас мұрасы, келер ұрпақтың рухани азығы, тәрбие тірегі – ана тілі. Осындай халық қазынасын меңгерту бесік тәрбиесінен, ана әлдінен басталатыны белгілі. Балаланы сөйлеуге дамыту мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмыстарының негізі болып табылады. Өйткені баланың сөздік қорының нығаюы оның танымдық қабілетін арттырып, ол көкжиегін кеңейтеді. Тіл баланың жеке басын қалыптастыру, өзіндік дербес іс-әрекетін дамыту, ой-парасатын жетілдіру міндеттерін жүзеге асырудың ең басты құралы. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың сөйлеу тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балабақшада сөйлеуді дамыту, тілді меңгерудің, оқытудың қай түрін алсақ та, ол оқыту, үйрету үрдісінің бүкіл жүйесін қамтиды. Балалардың ақыл-ойына, қабілеттерінің дамуына жетудің бірден – бір жолы – өзара сөйлеуді дамыту қарым-қатынасы.

Сөйлеуді дамытуда балалардың тіл, сөздік қорларын байыту, молайту, сөздіктерінің белсенділігін арттыру, күнделікті өмірде қолдана білуіне бағыт беру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырып, тіл мәдениетін жетілдіру, сөйлем құрап, сөйлесу тәжірибесін ұдайы ұйымдастыру – балалардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін ұғынып, тілінің жетілуіне ұстаздық әсер көрсетудің маңызы зор. Тіл тағдырына терең қарап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудегі талап, міндеттер балабақшамызда жақсы іске асырылуда.

«Бала тілі – бал!» вариативтік компоненттің мақсаты: балаларды нақты, мәнерлі тілдік дағдылары мен біліктерін, баланың сөздік қорын молайту, тілдік бірліктерді еркін, ашық және орынды қолдануды қалыптастыру, бала тілінің дыбыстық жағын жетілдіру болып табылады.

«Бала тілі –бал!» вариативтік компоненттің міндеттері:

- Балалар іс-әрекетінің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде балалардың ауызша сөйлеу тілі компоненттерін дамыту;
- Тілді естуді дамыту, сөздік қорды байыту;
- Тілдесу дағдыларын (диалогтік және монологтік) қалыптастыру;
- Сөйлесу әдебінің нормаларына баулу;
- Ауызекі сөйлеу тілінің қалыптасып, дамытылуын іске асыру;
- Өз ойын ашық түрде байланыстыра жеткізе білуге үйрету;
- Көркем сөзге баулу;
 - Мәнерлі де мәдениетті сөйлеуін тәрбиелеу;
- Сауаттылыққа үйрету;
- Тілге, оның байлығы мен көркемдігіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

«Бала тілі –бал!» вариативтік компонент аптасына 1 рет, жылына 36 сағат.